

6D011300-«Биология» мамандығы бойынша Шинышерава Ғазиза Болатқызының «Биологиядан оқу-дала практикасы жағдайында білім алушылардың кәсіби даярлығын қалыптастырудың әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациясына ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Шинышерава Ғазиза Болатқызының ұсынып отырған диссертациялық жұмысының өзектілігіне келетін болсақ қазіргі кезеңдегі болашақ биолог мұғалімдердің кәсіби даярлығын қалыптастыруда оқу-дала практикасы басым рөл атқарады. Ол педагогикалық үрдістің біртұтас бөлігі ретінде болашақ мұғалімдердің теориялық және практикалық даярлығының бірлігін қамтамасыз етеді. Педагогикалық жоғары оқу орындарындағы биология пәндерінен оқу-дала практикасы – білім беру бағдарламасының құрамдас бөлігі болып табылады. Ол оқыту үдерісін теория мен практиканы байланыстыра отырып, білім беру мекемелерінің өзекті мәселелерін шешуге, нәтижені бағалау тәсілдерін зерделеудегі іс-әрекеттік тәсілді жүзеге асырудың бірден-бір жолы.

Диссертант зерттеу жұмысы барысында шетелдік, отандық ғалым-педагогтардың еңбектерін теориялық, әдістемелік, әдіснамалық тұрғыда қарастырған. Зерттеу жұмысының түйінді ұғымдарының мәнін ашып, мазмұны мен құрылымын айқындаған. Болашақ биолог мұғалімдердің оқу-дала практикасы жағдайында кәсіби даярлығын қалыптастыруды теориялық негіздеп және оны ұйымдастырудың тиімді әдістемесін жасаған.

Зерттеудің тәжірибелік бөлімінде білім алушылардың кәсіби даярлығын қалыптастыруға оқу-дала практикасын ұйымдастырудың тиімді әдістемелік жолдарын тауып, қажеттігін анықтаған. Жоғары оқу орындары білім беру бағдарламаларына практикалық жұмыстарға берілген білім мазмұнына талдау жасалынды. Жасалған талдау нәтижелері бойынша оқу үдерісінде практикалық немесе лабораториялық жұмыстарды, сонымен қатар оқу-дала практикасын жүргізуде болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығы мен олардың оқу-дала практикасын ұйымдастырудағы оқу іс-әрекеттері арасындағы туындайтын қарама-қайшылықтардың шешімін ұсынады. Оқу-дала практикасы арқылы студенттердің кәсіптік-әдістемелік даярлығын дамытуға бағытталған ғылыми-әдістемелік нұсқаулық, студенттердің кәсіптік қызметінің маңыздылығы туралы зерттеулер жүргізіп нақты шаралар әзірлеген. Оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында эксперименттік жұмыстардың нәтижелеріне статистикалық талдау жүргізілген. Студенттердің кәсіптік-әдістемелік даярлығын айқындау үшін критерийлер мен көрсеткіштерге сәйкес келетін эксперименттік және тестілік жұмыс материалдары дайындалған.

Ізденушінің жоғары педагогикалық университеттің биолог мамандарын даярлау мақсатында оқу-дала практика кезінде студенттерді дамытатын кәсіптік-әдістемелік даярлау процесінің нәтижелерін диагностикалау үшін

қажетті өлшемшарттар мен көрсеткіштер жүйесін әзірлегені жұмыстың практикалық құндылығын көрсетеді.

Диссертацияның негізгі идеялары мен нәтижелері халықаралық деңгейде өткен ғылыми конференция материалдарында, ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда және Scopus компаниясының ақпараттық базасына кіретін нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми журналда жарық көрген. Барлығы 10 жарияланым. Оның ішінде: - 1 мақала Scopus базасында индекстелетін ғылыми журналда жарияланған, - 3 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми қызметінің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарында жарияланған, - 6 мақала халықаралық және шетелдік конференция материалдарында жарияланған, - Оқу-дала практикасына арналған оқу құралы Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының баспасында жарық көрген. Барлық жарияланымдар зерттеу барысында дайындалған.

Дисертанттың зерттеу жұмысын жазу барысындағы жауапкершілігін ұсынылып отырған диссертацияның құрылымы мен мазмұны, тараулары бір-бірімен үйлесімді түрде баяндалғанын көруге болады.

Шинышерава Ғазиза Болатқызының «Биологиядан оқу-дала практикасы жағдайында білім алушылардың кәсіби даярлығын қалыптастырудың әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациясы қойылған талаптарға сай, теориялық және практикалық маңыздылығы бар, толық аяқталған жұмыс деп есептеймін. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы 8D015 – Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау (6D011300/8D01513 - Биология) және 8D051 - Биология және сабақтас ғылымдар (6D060700 / 8D05101 – Биология) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге арналған Диссертациялық кеңесі қорғауға лайықты деген пікірдемін.

Ғылыми кеңесші,
Абай атындағы ҚазҰПУ,
п.ғ.д., профессор

